**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жекелеген ұйымдарын қайта ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 22 мамырдағы N 409 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Мыналар:

1) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 22.08.2015 № 659 қаулысымен;

2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ мемлекеттік агротехникалық университеті""шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны оның жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - 2-қоғам) етіп қайта құрылу жолымен;

3) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің республикалық мемлекеттік кәсіпорындары олардың жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер (бұдан әрі - серіктестіктер) етіп қайта құрылу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 22.08.2015 № 659 қаулысымен.

2. Мыналардың қызметінің негізгі мәні:

1) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 22.08.2015 № 659 қаулысымен;

2) 2-қоғамның:

агроөнеркәсіптік кешен саласында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімі бар кадрларды даярлау, кадрлардың біліктігін арттыру және қайта даярлау;

агроөнеркәсіптік кешен саласында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізу;

өндіріске ғылыми-техникалық әзірлемелер енгізу болып белгіленсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 22.08.2015 № 659 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) 1, 2-қоғамдардың және серіктестіктердің жарғыларын бекітсін;

2) 1, 2-қоғамдардың және серіктестіктердің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне 1, 2-қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін және серіктестіктердің мемлекеттік қатысу үлестерін иелену және пайдалану құқықтарын берсін;

4) республикалық микроорганизмдер коллекциясының және аса қауіпті індеттер қоздырғыштарының депозитарийі функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті мүлік Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі""Мал шаруашылығы және ветеринария ғылыми-өндірістік орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының""Ветеринария ғылыми-зерттеу институты" еншілес мемлекеттік кәсіпорны теңгерімінен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі""Ветеринариядағы мониторинг, референция, зертханалық диагностика және әдіснама ұлттық орталығы" мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне беруді қамтамасыз етсін;

5) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 22 мамырдағы
N 409 қаулысына
1-қосымша

## Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің " ҚазАгроИнновация" акционерлік қоғамына қайта қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатын республикалық мемлекеттік кәсіпорындары мен олардың еншілес кәсіпорындарының тізбесі

Ескерту. 1-қосымша алып тасталды - ҚР Үкіметінің 22.08.2015 № 659 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 22 мамырдағы
N 409 қаулысына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жауапкершілігі шектеулі серіктестіктеріне қайта құрылу жолымен қайта ұйымдастырылатын республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының тізбесі

| р/ | **Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің қайта ұйымдастырылатын** | **Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің** |
|---|---|---|

| с N | республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының атауы | жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің атауы |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің""Арқалық ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Арқалық ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі |
| 2 | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Қарабау" элиталы тұқым шаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Қарабау" элиталы тұқым шаруашылығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі |
| 3 | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Түгіскен" тәжірибе шаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекет-тік кәсіпорны | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Түгіскен" тәжірибе шаруашылығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі |
| 4 | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Мерке" тәжірибе шаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республика-лық мемлекеттік кәсіпорны | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Мерке" тәжірибе шаруашылығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі |
| 5 | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің""Ақдала" тәжірибе шаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республика-лық мемлекеттік кәсіпорны | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Ақдала" тәжірибе шаруашылығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі |
| | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Кондратов тәжірибе | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің |

| | | |
|---|---|---|
| 6 | көрсететін питомнигі" шаруашылық жүргізу құқығындағы республика-лық мемлекеттік кәсіпорны | "Кондратов тәжірибе көрсететін питомнигі"" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі |
| 7 | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Красноводопад ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Красноводопад ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі |
| 8 | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Қаскелең тәжірибе шаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Қаскелең тәжірибе шаруашылығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі |
| 9 | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Солтүстік Қазақстан ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республика-лық мемлекеттік кәсіпорны | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Солтүстік Қазақстан ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі |
| 10 | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Заречное" тәжірибелік шаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Заречное" тәжірибе шаруашылығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі |
| 11 | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Ақтөбе ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" жедел басқару құқығындағы республикалық мемлекет-тік қазыналық кәсіпорны | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Ақтөбе ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі |

| | | |
|---|---|---|
| 12 | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Қарабалық ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" жедел басқару құқығындағы республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Қарабалық ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі |
| 13 | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Орал ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" жедел басқару құқығындағы республика-лық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Орал ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі |
| 14 | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің""Қазақ тұлпары" жедел басқару құқығындағы республика-лық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Қазақ тұлпары" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі |
| 15 | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Қарағанды өсімдік шаруашылығы және селекция ғылыми-зерттеу институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Қарағанды өсімдік шаруашылығы және селекция ғылыми-зерттеу институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 22 мамырдағы
N 409 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

2. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 21-92, 21-93-жолдармен толықтырылсын:

"21-92. "ҚазАгроИнновация" АҚ

21-93. "Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті" АҚ";

"Алматы облысы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 38-4-жолмен толықтырылсын:

"38-4. "Қаскелең тәжірибе шаруашылығы" ЖШС";

"Ақтөбе облысы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 133-4-жолмен толықтырылсын:

"133-4. "Ақтөбе ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" ЖШС";

"Жамбыл облысы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 180-4-жолмен толықтырылсын:

"180-4. "Мерке" тәжірибе шаруашылығы" ЖШС";

"Батыс Қазақстан облысы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 194-4-жолмен толықтырылсын:

"194-4. "Орал ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" ЖШС";

"Қарағанды облысы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 214-15-жолмен толықтырылсын:

"214-15. "Қарағанды өсімдік шаруашылығы және селекция ғылыми-зерттеу институты" ЖШС";

"Қызылорда облысы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 218-4-жолмен толықтырылсын:

"218-4. "Түгіскен" тәжірибе шаруашылығы" ЖШС";

"Қостанай облысы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 229-6, 229-7, 229-8, 229-9-жолдармен толықтырылсын:

"229-6. "Арқалық ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" ЖШС

229-7. "Заречное" тәжірибе шаруашылығы" ЖШС

229-8. "Қарабалық ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" ЖШС

229-9 "Қазақ тұлпары" ЖШС";

"Солтүстік Қазақстан облысы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 280-5, 280-6-жолдармен толықтырылсын:

"280-5. "Кондратов тәжірибе көрсететін орман питомнигі" ЖШС

280-6. "Солтүстік Қазақстан ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" ЖШС";

"Оңтүстік Қазақстан облысы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 298, 299, 300-жолдармен толықтырылсын:

"298.""Қарабау" элиталы тұқым шаруашылығы" ЖШС

299. "Ақдала" тәжірибе шаруашылығы" ЖШС

300. "Красноводопад ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" ЖШС".

3. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысында :

көрсетілген қаулыға қосымшада:

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне" деген бөлім:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 205-15, 205-16, 205-17, 205-18, 205-19, 205-20 , 205-21, 205-22, 205-23, 205-24, 205-25, 205-26, 205-27, 205-28, 205-29, 205-30, 205-31-жолдармен толықтырылсын:

"205-15. "ҚазАгроИнновация" АҚ

205-16. "Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті" АҚ

205-17. "Арқалық ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" ЖШС

205-18. "Қарабау" элиталы тұқым шаруашылығы" ЖШС

205-19.""Түгіскен" тәжірибе шаруашылығы" ЖШС

205-20.""Мерке" тәжірибе шаруашылығы" ЖШС

205-21.""Ақдала" тәжірибе шаруашылығы" ЖШС

205-22.""Кондратов тәжірибе көрсететін орман питомнигі" ЖШС

205-23.""Красноводопад ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" ЖШС

205-24.""Қаскелең тәжірибе шаруашылығы" ЖШС

205-25.""Солтүстік Қазақстан ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" ЖШС

205-26.""Заречное" тәжірибе шаруашылығы" ЖШС

205-27.""Ақтөбе ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" ЖШС

205-28.""Қарабалық ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" ЖШС

205-29.""Орал ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" ЖШС

205-30.""Қазақ тұлпары" ЖШС

205-31. "Қарағанды өсімдік шаруашылығы және селекция ғылыми-зерттеу институты" ЖШС".

4. "Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік жоғары оқу орындарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 6 шілдедегі N 1021 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2000 ж., N 25, 339-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік жоғары оқу орындарының тізбесінде:

реттік нөмірі 33-жол алынып тасталсын.

5. "Республикалық микроорганизмдер коллекциясы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 шілдедегі N 850 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2002 ж., N 25, 267-құжат):

2-тармақтың үшінші абзацындағы""және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің""Қазақ ветеринария ғылыми-зерттеу институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны" деген сөздер алынып тасталсын;

3-тармақтың бірінші абзацындағы""Қазақ ветеринария ғылыми-зерттеу институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны" деген сөздер""Ветеринариядағы мониторинг, референция, зертханалық диагностика және әдіснама ұлттық орталығы" мемлекеттік мекемесі" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі N 310 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2005 ж., N 14, 168-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

"Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар" деген 1-бөлімнің реттік нөмірлері 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 13, 14, 16, 17, 20, 23, 25, 33, 35, 36, 42, 44, 46, 49, 50, 53-жолдары алынып тасталсын;

"Акционерлік қоғамдар" деген 2-бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 66-2, 66-3-жолдармен толықтырылсын:

"66-2. "ҚазАгроИнновация" акционерлік қоғамы

66-3. "Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті" акционерлік қоғамы";

мынадай мазмұндағы 4-бөліммен толықтырылсын:

"4. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер

89. "Арқалық ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

90. "Қарабау" элиталы тұқым шаруашылығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

91. "Түгіскен" тәжірибе шаруашылығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

92. "Мерке" тәжірибе шаруашылығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

93. "Ақдала" тәжірибе шаруашылығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

94. "Кондратов тәжірибе көрсететін орман питомнигі" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

95. "Красноводопад ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

96. "Қаскелең тәжірибе шаруашылығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

97. "Солтүстік Қазақстан ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

98. "Заречное" тәжірибе шаруашылығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

99. "Ақтөбе ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

100. "Қарабалық ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

101. "Орал ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

102. "Қазақ тұлпары" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

103. "Қарағанды өсімдік шаруашылығы және селекция ғылыми-зерттеу институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК